

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Гуманитарлық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Гуманитарная серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3439

№ 1 (2023)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Гуманитарная серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

KZ46VP400029271

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области истории,
правоведения и общественных наук

Подписной индекс – 76131

<https://doi.org/10.48081/GHYB7804>

Бас редакторы – главный редактор

Бегимтаев А. И.

к.полит.н.

Заместитель главного редактора

Шамшудинова Г. Т., *доктор PhD,*

ассоц. профессор

Ответственный секретарь

Турлыбекова А. М., *к.и.н., ассоц. профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Акишев А. А.,	<i>д.полит.н., профессор;</i>
Алтыбасарова М. А.,	<i>к.полит.н., доцент;</i>
Ветренко И. А.,	<i>д.полит.н., профессор (Россия);</i>
Шашкова Я. Ю.,	<i>д.полит.н., профессор, (Россия)</i>
Дронзина Т. А.,	<i>д.полит.н., профессор (София, Болгария)</i>
Абдикакимов М. Т.,	<i>доктор PhD</i>
Ермаханова С. А.,	<i>к.социол.н;</i>
Сағиқызы А.,	<i>д.филос.н., профессор;</i>
Кожамжарова М. Ж.,	<i>к.филос.н;</i>
Ахметова Г. Г.,	<i>к.филос.н., профессор;</i>
Уызбасва А. А.,	<i>доктор PhD;</i>
Аубакирова С. С.,	<i>доктор PhD</i>
Альмуханов С. Х.,	<i>к.филос.н., профессор;</i>
Кадыралиева А. М.,	<i>доктор PhD;</i>
Манасова М. М.,	<i>доктор PhD;</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Олжабаев Б. Х.,	<i>к.ю.н., ассоц. профессор;</i>
Ишеков К. А.,	<i>д.ю.н., профессор (Россия);</i>
Таштемханова Р. М.,	<i>д.и.н., профессор;</i>
Азербайев А. Д.,	<i>доктор PhD;</i>
Шокубаева З. Ж.	<i>(тех. редактор).</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

«ТАРИХ» СЕКЦИЯСЫ

МРНТИ 03:20

<https://doi.org/10.48081/DQHC4732>**М. И. Рахимов**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

**ЕРТІС ӨҢІРІ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАНЫ
САҚТАУ МЕН ХАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ**

Бұл мақала Ертіс өңіріндегі киелі нысандарды зерттеуге, олардың Қазақстан халқының бірлігін нығайту мен тарихи сананы жаңғыртудағы маңыздылығына арналған. Олар өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты қамтамасыз ететін, халқымыздың этникалық жадын жаңғыртатын маңызды мәдени-рухани мұра болып табылады. Осы нысандарды зерттеу олардың ұлттық бірлікті нығайту мен ұрпақтар арасындағы тарихи сабақтастықты сақтаудағы маңыздылығын ашуға көмектеседі.

Киелі орындардың әрқайсысы халқымыздың бай тарихының, мәдени және діни дәстүрлерінің айнасы ретінде ерекше мәнге ие. Оларды кешенді түрде зерттеу Қазақстанның көпэтносты қоғамындағы бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін де маңызды. Сонымен қатар, мұндай зерттеулер қазіргі қоғамда туындайтын діни-саяси, деструктивті ағымдарға қарсы тұру үшін рухани иммунитетті күшейтуге ықпал етеді.

Ертіс өңірінің киелі нысандарын зерттеу арқылы ғалымдар осы аймақтың мәдени және рухани құндылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік алады. Бұл зерттеулердің нәтижелері Қазақстанның ұлттық мәдениетін жаһандық деңгейде насихаттау үшін де маңызды құрал бола алады. Сондықтан мұндай жұмыстардың ғылыми және практикалық тұрғыдан өзектілігі айқын. Киелі нысандарды зерттеу елдің рухани тұрақтылығын сақтау мен оның тарихи санасын жаңғыртудағы басты құралдардың бірі болып қала береді.

Кілтті сөздер: Рухани жаңғыру. Киелі география. Қасиетті орындар. Ертіс өңірі. Ұлттық бірегейлік.

Кіріспе

ҚР Тұңғыш Президенті – Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын құру туралы: «Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің негізін құрайды. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі» - деп жазды[1]. Расында, қазіргі сандық технологиялар мен әлемдік жаһандану процесі кезінде жан-жақтан келген сыртқысаяси, діни ағымдар салдарынан қоғамның тарихи санасы өшірілуде. Әсіресе жастар қоғамы, ата-бабамыз ұстанбаған жат діни ағымдармен еуропалық дәстүрлі емес жүйелердің соңына еріп кету мысалдары бар. Міне, сондықтан ұлттық сананы сақтау мен халқымыздың бірегейлігін нығайту жолында рухани құндылықтарымыз бен киелі орындарымыздың рөлі аса маңызды.

Материалдар мен әдістері

Павлодар-Ертіс өңіріндегі маңызды киелі орындарды тарихи-мәдени талдау жүргізу үшін архивтік құжаттарды, әдеби көздерді, дала зерттеулерін және мәдени-антропологиялық әдісті қамтитын көпсалалы әдістер қолданылды. Архивтік құжаттар жинақтары Баянауыл туралы маңызды деректерді ұсынды, бұл оқиғалардың тарихи көрінісін және олардың халыққа әсерін қалпына келтіруге көмектесті. Әдеби көздер мен мемуарлар осы иррационалды оқиғаларды қазіргі заманғы адамдардың қабылдауын, олардың эмоцияларын және реакцияларын зерттеуге мүмкіндік берді, бұл ұжымдық тәжірибені және осы оқиғалардың адамдар үшін маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Дала зерттеулері мемориалдарға, жаппай қазбалар орындарына және маңызды басқа да нүктелерге баруды қамтыды. Бұл тек осы орындардың физикалық аспектілерін тіркеуге ғана емес, сондай-ақ өткенге тірі байланысын сақтап отырған жергілікті тұрғындардың ауызекі аңыздары мен әңгімелерін жинауға көмектесті. Мәдени-антропологиялық талдау осы орындардың қазіргі контексте қалай қабылданатынын, оларға қандай символикалық мән берілетінін және олар мәдени тәжірибелер мен ритуалдарға қалай қатысатынын түсінуге мүмкіндік берді. Маңызды аспектілердің бірі осы

орындарды сакрализациялау процестерін зерттеу болды, олар жергілікті халық үшін қасиетті мәртебе алды, өткен оқиғалар туралы есте сақтауға көмектесетін ритуалдар мен әдет-ғұрыптардың бөлігіне айналды.

Нәтижелер және талқылау

Киелі орындарды халықтың бірегейлік символы ретінде қастерлеу көнеден келе жатқан дәстүр. Орта ғасырлық мемлекеттерде халықтың бірлігін нығайту жолында әулиелерге арнап құрылыстар тұрғызған. Мысалы шығыстанушы М.Е. Массон Әмір Темірдің Қожа Ахмет Яссауи кесенесі құрылысының басталу себептерінің бірі туралы келесідей жазады: «Әмір Темірдің XIV ғасырда ортаазиялық озық үлгідегі киелі ескерткіш тұрғызуының басты себебі Сырдария өңіріндегі халықтың руханиятын бір орталыққа біріктіру болды. Себебі алыс жорықтарға әмір аттанғанда, Сырдария халқы көтерілістер ұйымдастырып, мемлекеттің орталығы Самарқандқа қауіп төндіруі мүмкін еді. Сондықтан Әмір Темір көшпелі халықтың бірегейлігінің символы ретінде киелі орынды салу арқылы ынтымақтықты нығайтып, әрі мемлекеттің әлеуетін көрсетпек болған»[2, 4 б.]

Жалпы тарихқа зер салсақ, киелі орындарды мәжбүрлі түрде жою процестері XX ғасырдың басынан бастау алады. Себебі, осы тұста большевиктік саяси күш биліке келіп, Кеңес үкіметі бекіп орнаған соң, атеистік бағыт ұстанған коммунистік өкіметтің идеологиясы қазақ халқының ұлттық санасын өшіріп, тарихи жадысын ұмыттыруды көздейтін саясат жүргізгенді. Бастапқы кезеңде бұл саясат «кеңестік құрылыс ұйымдастыру», «коммунистік құрылыс жүргізу», «социализм негіздерін қалау», «мәдени революция жасау», «ескіліктілікпен күресу», «мәденилендіру» жобаларын іске асырумен, ал артынан «біртұтас совет ұлтын құру» идеясымен жалғастығын тапты.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін қызыл үкімет дін атаулысына мүлдем тыйым салып, тарихи-мәдени рухани құндылықтарды жоюдан бастады. Әміршіл-әкімшіл үкімет руханиятқа қатал бақылау орнатып, діни ғибадаттар жасау, қажылық өтеу, қасиет тұту, киелі орындарға тәу ету дәстүрлеріне тиым салып, қатаң қадағалады. Ғибадат орындары, мешіт, медреселер жабылып, қасиетті орындар бұзылып, ұлттық дәстүрлі мерекелерді атап өтуге тыйым салды.

Патша отаршылдығы тұсында да, кеңестік билік кезінде де қазақ халқының киелі мекендерін бұзуға әрекет етілді. Халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі әлеуметтік-шаруашылық жүйесі қиратылып, оны сақтап қалуды көздеген халықтың сағын сындыру мақсатында күшпен малын тәркілеу, мойынсерік құру, колхоздастыру шаралары жүзеге асырылып, ақыры адамдарын аштыққа ұшыратып қырды, жерін тоздырды, тау-тасын

тонады. Халықтың қарсылық көрсету амалдары қанқұйлы жазалауларға айналдырып, қуғын-сүргін саясаты жасалды.

Семей өңірі Алаш қозғалысының ошағы болған бірден-бір қасиетті орта болсадағы, бұл жерлер ядролық сынақ ошағына айналдырылды. Омбы, Орынбор сияқты қазақтың байырғы қоныс жерлері Ресейдің қол астына қаратылып кетті. 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалыс ошағы болған Торғай өңірі құлдырады. Қазақ халқының ата-бабадан ұрпаққа енші, мұра болып қалған жерге деген аманат ретінде қарау, табиғатты аялау, тарихи жерлердің киелі сипатын айшықтау қажеттілігі қазіргі ұрпаққа ерекше жауапкершілік артады [3, 10 б.].

Тәуелсіздікке жеткен уақыттан бастап, тарих ғылымына деген жаңа көзқарастар кешені пайда болды. Жаһандық процестерге интеграциялану арқылы әлемдік өркениеттің әдістерін игеруге жол ашылды. Әсіресе, 1998 жылдың Қазақстан халқы бірлігімен ұлттық тарих жылы деп жариялануы және 2004 жылғы мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы, рухани құндылықтарымызды біршама қайта қалпына келтірді.

Жалпы қазақ халқының сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін ата-бабаларымыздан мұраға қалған рухани құндылықтар жетерлік. 2017 ж. «Қасиетті Қазақстан» зерттеу орталығының басшысы Б. Әбдіғалиұлының пікірінше, Қазақстан бойынша ресми 500-дей нысан алынғанмен олардың жалпы саны 1000-ға жуықтайды екен. Сондықтан бүгінгі күннің мәселесі-тарихи-мәдени мұраларды түгендеу мен киелі жерлердің халықтың игілігіне қызмет атқаруына жағдайлар жасау [4].

Жалғыз Ертіс өңірін алып қарасақ 100-ден аса археологиялық, сәулет, діни мінәжат, тарихи маңызды, табиғи мұра негіздегі киелі нысандарды шартты түрде атап шығуға болады. Негізі Ертіс өңіріескі заманнан қазақ халқының құт қонған, киелі жерлерінің бірі. Қимақ-қыпшақ тайпалары Ертіс өзенің құдай деген. Араб саяхатшыларыжазады: «Кимаки оказывают уважение этой реке, почитают ее, поклоняются ей и говорят: река – бог кимаков» [5, 44 б.]. Яғни өзен түркі халықтары үшін киелі болған.

Шығыс Қазақстан аймағымен ағып өтететін Ертістің табиғи ландшафтысы қасиетті нысандарға толы. Әсіресе, Алтай - Саян және Тянь-Шань екі ірі тауының торабында жатқан Сауыр – Тарбағатай тау жүйесі. Оның ең биік нүктесі – Мұзтау (3816 м). Жотаның Қазақстан жеріндегі ұзындығы 50 км. Сауырдың шындары тегіс және күмбез тәрізді. Сауыр шындарынан Зайсан көліне Үлкен Ұласты, Кендерлік, Қараүңгір, Обалы, Теректі, Жеменей, Үйдене өзендері құяды.

Мұзтау – Алтай тау жүйесінің Ресей және Қазақстан жеріндегі ең биік мұздықты шыңы (4506 м). Қатын жотасының шығыс жағын ала,

Қазақстан мен Алтай өлкесінің (Ресей) әкімшілік шекарасы маңында жатыр. Ұшар басында Үлкен, Кіші Берел, Менсу, т.б. мұздықтары бар. Бұлардан Қатынсу өзені бастау алады. Мұзтауды қазақтар Ақсүмбі, Ақтайқы деп атаса, алтайлықтар Үч сумер деп атайды. Мұзтаудың атауы таудың басынан аяғына дейін мәңгі қалың қар басып жатқандықтан аталған болар. Алтайлықтар Мұзтауды «Құдайдың мекені», «Ұлы қария» деп айтады. Жер шарының энергетикалық өрісі осы Мұзтауда тоғысқан деген де сенім бар. Ол энергетикалық өріс ғарышпен байланысты. Сол арқылы бұл маңайға келген адамдарға Мұзтау күш - қуат беріп, жан сарайын тазартады, денсаулығын түзеді. Осы себепті де Мұзтау – Жер-ананың кіндігі саналады. Мұзтау – ғылыми, мәдени және тәжірибелік тұрғыдан да құнды объект. Бұл жерге жылына жүздеген альпинистер, мыңдаған туристер тоғысады [6, 48 б.]

Ертіс өңірінің қасиетті жерлерінің бірі Баянаула. Бұл туралы зерттеуші М. Алпысбесұлы жазады: «Баянаула елі – қазақ ұлтының киелі де қастерлі жері. Өткен тарихи замандарда бұл жерді қазақ халқының ата-бабалары қоныс етті. Ата – баба мен қазіргі ұрпақ арасындағы сабақтастықты тарих айқын дәлелдейді» [3, 12 б.]. Баянауланың киелілігі туралы топонимикалық атауының мағынасына назар аудара кеткен жөн. М. Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігінен» «Байат» сөзінің Ұлы тәңірдің аты екені айтылады [7, 234 б.]. Осы деректі Ж.О. Артықбаев былайша сипаттайды: «Қазақ ішінде «Байана» құдайына табыну ұмытылғанымен де, биік таулардың бауырындағы үңгірлерге барып «байанаға» тәуап ету, құрбандық шалу, сырқатқа шипа, баласызға перзент сұрау дәстүрі жалғасып келеді» - деп жазған. [8, 25 б.].

Қасиетті Баянаула жерінде табиғи мұра негізінде қалыптасқан киелі орындарды шолып өтсек: қасиетті Қоңыр Әулие үңгірі, Құлан әулие үңгірі, Әулиеелі Қызылтау, Драверт гроты (жарлауыт тас қуысы), Едіге бидің билік тасы, Жасыбай көлі, қасиетті Әулиебұлақ секілді нысандарды атап өтуге болады. Мәселен соның бірі Жаңатілек ауылдық округінен 22 шақырым қашықтықта Мұрынтал деген елді мекенге жақын жерде орналасқан Едіге бидің билік тасына тоқталсақ. Бұл киелі орын қазақ халқына тән ата-бабаға деген құрмет дәстүрімен байланысты қалыптасқан. Қазақ халқы бағзы заманнан ата-бабаның аруағын ерекше қастерлеген. Осы жайында отандық ғалым З.Е. Кабылдинов жазады: «Қиын-қыстау кезеңдерде қазақтар өздерінің аңызға айналған аталарының аруағынан жәрдем сұрайды. Оларға арнап құрбандық шалады. Егін шықпай, құрғақшылық болған жылдары ата-баба аруағына табынып жауын сұрап, «тасаттық» немесе «құрмалдық» салтын өткізеді. Кіші буын өздерінің балаларына танымал ата-бабаларының есімдерін беруге тырысқан. Осылайша шексіз құрметін жеткізген» 9 б. Сол себептерден шатқалдар, таулар, ормандар, өзендер мен көлдер, жазықтардың

атауларының көбісі ата-бабаларымыздың құрметіне байланысты қойылып, өз атауын тарихи жадымызда сақтап қала алған. Мәселен, Едіге би XVIII ғасырдың басында қазақ қоғамындағы атақты билердің бірі болған. Атасы Айдабол белгілі би болса, әкесі жаужүрек Төлебай батыр болған. Едігенің балалары Сарыарқа жұртына танымал болған Шоң мен Торайғыр билер. Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев Едіге бидің халық арасындағы қанатты сөздерін теріп жазған. Мысалы: Едігенің үйсін руы тараптары арасындағы дауды шешуі, Төле би мен Едіге арасындағы әңгімелер, Тоғас бимен құдалық, Жәңгір ханның баласы қайтыс болуына байланысты көңіл айтуы, Едігенің өз түстерін жоруы және т.б.

Мұрынтал ауылы манында бір-біріне сүйеніп жатқан ірі малта тастар Едіге бидің сот рәсімдерін өткізетін орны болса керек. Көне көз қариялардың аңыздарына сүйенсек осы жерде би даулы мәселелерді шешіп, жазықтылардың тиісті жазасын берген. Едіге би осы тастың үстіне Ақ Нарды пайдаланыпшығып, еліне билік айтып, жұртына рухани тәрбие берген жер екен. Сарыарқа жұрты Едігені: «Ердің құны екі ауыз сөзбен шешкен» – деген қанатты сөз қалған [9, 689 б.].

Ертіс өңірі қазақтары Едіге бидің тұлғасы мен қызметіне байланысты орындарды қастерлеген. Әсіресе ерекше ықыласпен Едіге бидің билік тасын қадірлеген.

Қазақ халқы аруақтарды разы ету үшін дінді берік ұстанып, өмірде барынша әділ болып, адамгершілік қасиетті биік ұстап жүруге тырысқан. Жалпы қазақ жеріндегі ислам фундаментальді исламнан бөлек құбылыс болып келеді. Оның негізгі доғмалары араб исламымен сәйкес келгенімен күнделікті практикасы – түбірімен өзгеше. Ол қазақ халқының мыңдаған жылдар бойғы таным-түсініктеріне, әдет-ғұрыптарына сүйенеді. Қазақи ислам – ол ислам доғмалары мен тәңіршілдіктің арасындағы сәнді симбиоз. Ол араб мәдениеті мен көне түрік құндылықтарының ең тамаша бөлігі тоғысқан құнды құйма. Оның құрамдас бөлігі қазақ ішіндегі ондаған жүз жыл өмір сүрген абыздар және қожалар институты, қожалармен тікелей байланыста қалыптасқан ишандық дәстүрлер.

Сондықтан Ертіс өңірінде типология тұрғысынан табиғи мұра, діни сәулет, тарихи маңызды тарихи тұлғаларға қатысты киелі орындармен қатар әулиелермен байланысты орындарды атап кеткен жөн. Мысалы: Кереку-Ертіс аймағына қатысты Таймас әулие, Қараман абыз, Құрманбай абыз, Лекер әулие, Исабек Ишан, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Ақбалық хазірет, Ғабдыл-Уахит хазірет, Нұрғали хазірет, алШығыс Қазақстан аймағында: Арқарбай әулие, Бектұрған әулие, Ырғызбай хазірет және т.б. киелі орындар баршылық.

Қорытынды

Жалпы аталып өтілген киелі жерлердің барлығы қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің символы. Қасиетті орындарымызды тану мен қорғау арқылы деструктивті жат ағымдарға қарсы ұлттық иммунитетімізді қалыптастыратынымыз сөзсіз.

Қасиетті Ертіс өңірі шын мәнінде түркі әлемінің негіздерінің бірі. Тек киелі орындарға қатысты дүниетаным мәселесін зерттеуде тарихи, географиялық тұрғыда ғана шектелмей, метафизикалық және генетикалық тұрғыдан қарастырғандұрыс. Себебі бұл жерде тарихи мұра, дәстүр, өмір салты, отбасы және тіл – барлығы ортақтасып өзіндік тарихи-мәдени ұлттық кодты танытады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Взгляд в будущее : модернизация общественного сознания»). «Егемен Қазақстан», 12.04.2017.

2 **Массон, М. Е.** Мавзолей Ходжа Яссауи. – Ташкент: Сыр-Дарьинское отделение общества изучения Казахстана. – 1930. – 25.

3 **Алпысбес, М. А., Аршабек, Т. Т., Қасен, Е. Б.** Кейкі Е. Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы (монографиялық зерттеу) / Алпысбес М. А., Аршабек Т. Т., Қасен Е. Б., Кейкі Е. – Астана : «Парасат Әлемі» баспасы, 2005. – 480 б.

4 [Электронды ресурс]. – https://www.inform.kz/kz/berik-abdigali-kazakstannyn-kieli-oryndaryn-halyk-anyktaidy_a3030170 – қаралған күні: 18. 04. 2019.

5 **Бартольд, В. В.** Извлечения из сочинения Гардизи Зайн аль – Ахбар : прил. к «Отчету о поездке в Среднюю Азию с научной целью, 1893–1894 гг.». – М., 1973. – Т.8. – С. 23–63.

6 Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары. – Астана : Фолиант, 2017. – 504 б.

7 **Егеубай, А. Қ.** Махмұт Қашқари Түрік сөздігі. Үш томдық. – Алматы : Хант, 1998. – 600 б.

8 **Артықбаев, Ж. О.** Баянауыл. – Астана : Фолиант, 2009. – 312 б.

9 Сакральная география Казахстана: Реестр объектов природы, археологии, этнографии и культурной архитектуры/ Под общей ред. Байтанаева Б. А. – Алматы : Инст. археолог. им. А. Х. Маргулана, 2017. – 904 с.

10 **Рахимов, М. И.** Ертіс өңірінің киелі мұрасы: монография / М. И. Рахимов. – Павлодар : Toraighyrov University, 2023. – 257 б.

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respúblikasy Prezidenti N. Ä. Nazarbaev Bolashaqqa Bağdar: Ruhani Jańgyru [A Vision for the Future : Spiritual Renewal]. «Egemen Qazaqstan», 12 April, 2017.
- 2 **Masson, M. E.** Mavzoley Khoja Yassauy[Mausoleum of Khoja Yassauy]. – Tashkent : Syr-Daryinskoye Otdeleniye Obshchestva Izucheniya Kazakhstana, 1930. – 25 p.
- 3 **Alpyisbes, M. A., Arshabek, T. T., Qasen, E. B.** Keyki E. Köne Köktau, 6ayyrgy Bayanawla baytaghynyn taryhy [History of the Ancient Köktau and the 6th Bayanawla Stream] (monographic study). – Astana : «Parasat Alem» baspasy, 2005. – 480 p.
- 4 Berik Abdigali Qazaqstannyñ Kieli Oryndaryn Halyq Anyktaydy [Berik Abdigali : The People’s Identification of Kazakhstan’s Borders]. Retrieved from https://www.inform.kz/kz/berik-abdigali-kazakstannyn-kieli-oryndaryn-halyk-anyktaydy_a3030170 – Accessed on: 18 April 2019.
- 5 **Bartol’d, V. V.** Izvlecheniya iz sochineniya Gardizi Zain al-Ahbar: pril. k «Otchetu o poyezdke v Srednyuyu Aziyu s nauchnoy tsel’yu, 1893 - 1894 gg. [Excerpts from the Work of Gardizi Zain al-Ahbar : Appendix to «Report on the Trip to Central Asia for Scientific Purposes, 1893–1894»]. – Moscow, 1973. – Vol. 8. – P. 23–63.
- 6 «Qazaqstannyñ öñirlik qasietti nısandary» [Regional Sacred Sites of Kazakhstan]. – Astana : Foliant, 2017. – 504 p.
- 7 **Egeubay, A. Q.** Makhmut Qashqari Türk sözdiki [Mahmud al-Kashgari’s Turkish Dictionary]. Ush tomдық [Three-volume]. – Almaty : Khant, 1998. – 600 p.
- 8 **Artıkbaev, Zh. O.** Bayanauyl.[Bayanauyl]. – Astana : Foliant, 2009. – 312 p.
- 9 «Sakral’naya geografiya Kazakhstana: Reestr ob’ektov prirody, arheologii, etnografii i kul’turnoy arkhitektury»[Sacred Geography of Kazakhstan: Registry of Objects of Nature, Archaeology, Ethnography, and Cultural Architecture]/ Pod obshchey red. Baytanaev B. A. – Almaty : Inst. arheolog. im. A. Kh. Margulana, 2017. – 904 p.
- 10 **Rakhimov, M. I.** Ertis onirinin kieli murasy [Sacred Heritage of the Irtysh Region]: Monograph / M. I. Rakhimov. – Pavlodar : Toraighyrov University, 2023. – 257 p.

Материал баспаға 25.03.23 түсті.

М. И. Рахимов

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 25.03.23.

РОЛЬ САКРАЛЬНЫХ МЕСТ ПРИИРТЫШЬЯ В УКРЕПЛЕНИИ ЕДИНСТВА НАРОДА И В СОХРАНЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОГО СОЗНАНИЯ

Данная статья посвящена изучению сакральных объектов Прииртышья, их значению в укреплении единства народа Казахстана и обновлении исторического сознания. Эти объекты представляют собой важное культурно-духовное наследие, которое обеспечивает связь между прошлым и настоящим, способствуя возрождению этнической памяти нашего народа. Исследование этих объектов помогает раскрыть их роль в укреплении национального единства и сохранении исторической преемственности между поколениями.

Каждый сакральный объект обладает особым значением как отражение богатой истории нашего народа, его культурных и религиозных традиций. Комплексное изучение таких объектов также важно для поддержания мира и согласия в многоэтническом обществе Казахстана. Кроме того, такие исследования способствуют укреплению духовного иммунитета против возникающих в современном обществе религиозно-политических и деструктивных течений.

Изучение сакральных объектов Прииртышья дает ученым возможность глубже понять культурные и духовные ценности этого региона. Результаты этих исследований также могут стать важным инструментом для продвижения национальной культуры Казахстана на глобальном уровне. Таким образом, научная и практическая актуальность таких работ очевидна. Изучение сакральных объектов остается одним из главных инструментов сохранения духовной стабильности страны и обновления ее исторического сознания.

Ключевые слова: Духовное возрождение. Сакральная география. Священные места. Прииртышья. Национальная идентичность.

M. I. Rakhimov

Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Material received on 25.03.23.

THE ROLE OF THE SACRED PLACES OF THE IRTYSH RIVER IN STRENGTHENING THE PEOPLE AND MAINTAINING THE NATIONAL CONSCIOUSNESS

This article is devoted to the study of the sacred sites of the Priirtysh region, their significance in strengthening the unity of the people of Kazakhstan, and the renewal of historical consciousness. These sites represent an important cultural and spiritual heritage that ensures a connection between the past and the present, contributing to the revival of the ethnic memory of our people. The study of these sites helps to reveal their role in strengthening national unity and preserving historical continuity between generations.

Each sacred site holds particular significance as a reflection of the rich history of our people, as well as their cultural and religious traditions. Comprehensive research on such sites is also crucial for maintaining peace and harmony in Kazakhstan's multi-ethnic society. Moreover, these studies contribute to strengthening spiritual immunity against the religious-political and destructive movements emerging in modern society.

The study of the sacred sites of the Priirtysh region provides scholars with an opportunity to gain a deeper understanding of the cultural and spiritual values of this region. The results of these studies can also serve as an essential tool for promoting Kazakhstan's national culture on a global level. Thus, the scientific and practical relevance of such work is evident. Research into sacred sites remains one of the key tools for preserving the country's spiritual stability and renewing its historical consciousness.

Keywords: Spiritual rebirth. Sacred Geography. Sacred places. Irtysh. National identity.

Теруге 25.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 30.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

431 Kb RAM

Шартты баспа табағы 3.9.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4332

Сдано в набор 25.03.2023 г. Подписано в печать 30.03.2023 г.

Электронное издание

431 Kb RAM

Услпеч.л 3.9. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: Исакова З. С.

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4332

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-humanitar.tou.edu.kz